

«Панфилов ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 1 сәуіріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебі

1. Жалпы ережелер.

1.«Панфилов ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім) Панфилов ауданының аумағында білім саласындағы функцияларды орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болып табылады.

2.Бөлім мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы заңды, өзінің салалық заңнамалары, Ережесі негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Панфилов ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі 22 байланыс тел. номері: 8(72831)5-02-98

2. 2018 жылдың 1 сәуіріне көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

Бөлім жалпы **26** түрлі қызмет көрсетеді.

Көрсетілген қызметтер саны барлығы – **1600**, оның ішінде:

- 1) «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру» – 0.
- 2) "Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу" – 8.
- 3) "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, бактерге, ішкі істер органдарына кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра рәсімдеу үшін анықтамалар беру" – 0.
- 4) "Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді рәсімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру" – 3.
- 5) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» – 211.
- 6) "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" – 0.
- 7) "Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау" – 8.
- 8) "Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру" – 0.
- 9) "Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау" – 0.
- 10) "Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу" – 8.
- 11) "Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау" – 0.
- 12) "Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" – 0.
- 13) "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" – 0.
- 14) "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" – 0.

15) "Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі жастағы (7 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" – 660.

16) "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" – 660.

17) "Үздік педагог" атағын беру конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" – 0.

18) "Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" – 0.

19) «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» – 9.

20) «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарын мемлекет төлейтін жеке тұлғалар туралы деректерді өзектендіру» – 0.

21) «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» - 0.

22) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" – 2.

23) «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» – 0.

24) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» – 0.

25) «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» – 31.

26) «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау» – 0.

3. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданының білім бөлімі» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2018 жылдың 1 сәуірге көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Ескертпе: есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

Панфилов ауданының
білім бөлімінің басшысы



Т. Қастеев